

**2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына аққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 6 наурыздағы № 115 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 сәуірде № 4919 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 489 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 489 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Глубокое ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. "Глубокое ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Глубокое ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 06 қазандағы № 322 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 28 қазанда № 4717 болып тіркелген, аудандық "Огни Прииртышья" газетінің 2016 жылғы 11 қарашадағы № 47 санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Глубокое ауданының әкімі*

*К. Байғонусов*

Глубокое аудандық әкімдігінің  
2017 ж. "06" наурыз № 2017 ж.  
қаулысына қосымша

**2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

Бір айда бір тәрбиеленушінің жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, тенге			Тәрбиеленушілер саны, адам			Бір айда тәрбиеленушіге ж шығындардың орташа құны		
Балабақшалар, бөбекжай	Мектеп - балабақша кешендері	Шағын орталықтар	Балабақшалар, бөбекжай	Мектеп – балабақша кешендері	Шағын орталықтар	Балабақшалар, бөбекжай	Мектеп – балабақша кешендері	Шағын орталықтар
Республикалық бюджет	Республикалық бюджет	Республикалық бюджет	Балабақшалар, бөбекжай	Мектеп – балабақша кешендері	Шағын орталықтар	Балабақшалар, бөбекжай	Мектеп – балабақша кешендері	Шағын орталықтар
32334	15209	11370	280	305	278	32334	15209	11370

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК